

«Депозит-Кепілдік» салымы бойынша жинақ ақша шотын ашу және Салымшы-Кепілзат беруші құқықтарының кепілі туралы ШАРТ

Осы «Депозит-кепілдік» салымы бойынша жинақ ақша шотын ашу және Салымшы-Кепілзат беруші құқықтарының кепілі туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) «Jusan Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) «Депозит-кепілдік» салымы бойынша операцияларды жүзеге асыру және Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау бойынша қамтамасыз ету болып табылатын Шарттың талаптарына сәйкес Банктің Салымшы-Кепілзат берушінің құқықтарын кепілге қабылдау талаптары мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, сонымен қатар, Банк пен Салымшы-Кепілзат беруші арасындағы құқықтық қатынастардың басқа ерекшеліктерін белгілейді.

Шарттың талаптары стандартты нысанда анықталған және Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер (үшінші тұлға қамтамасыз етуді ұсынған жағдайда) Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою жолымен ғана қабылдануы мүмкін. Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының талаптарына сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады. Бұл ретте Банктің корпоративтік веб-сайтында www.jusan.kz мекенжайы бойынша орналасқан Қосылу туралы өтініш және Шарт тек бірыңғай құжат ретінде қаралады. Шарттың мәтіні бойынша «Шарт» деп жиынтығында Қосылу туралы шарт және Өтініш түсініледі.

1. Терминдер мен анықтамалар:

Егер Қосылу туралы өтініште өзгеше тікелей айтылмаса, Шартта және Қосылу туралы өтініште пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар (Бас әріптермен де, кіші әріптермен де пайдаланылуы мүмкін) мынадай мағыналарға ие:

- 1) **Банк** - «First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы;
- 2) **Салымшы-Кепілзат беруші** – заңды тұлға, заңды тұлғаның өкілдігі және филиалы/заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға/жеке нотариус/жеке сот орындаушысы/шаруа (фермер) қожалығы/адвокат/кәсіби медиатор және Борышкердің өз міндеттемелерін немесе міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде Қаржыландыру шарты бойынша Салымшы-Кепілзат берушінің құқығын берген жеке тұлға;
- 3) **Бас кредиттік келісім (БКК)** – Банк пен Борышкер арасында жасалатын келісім, оның шеңберінде Банк келісімде белгіленген кредит беру лимиті және қолжетімділік кезеңі шегінде, мерзімділік, қайтарымдылық, ақылылық, қамтамасыз ету және мақсатты пайдалану шарттарында Борышкерге қарыз/банктік кепілдіктер/аккредитивтер береді;
- 4) **Дефолт** – Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген, оның ішінде тараптардың еркіне байланысты емес жағдаяттардан туындаған фактілердің басталуы;
- 5) **Қаржыландыру шарты** – Бас кредиттік келісім, банктік қарыз/шартты міндеттемелер шарты және Банк пен Борышкер арасында жасалатын, қарызды/шартты міндеттемелерді алу шарттарын нақтылайтын (белгілейтін) басқа да мәмілелер, сондай-ақ Бас кредиттік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын банктік қарыз/шартты міндеттемелер алуға арналған өтініш-өтінім, оларға сәйкес Банк Қарыз алушыға ақшаны беруге/мерзімді, ақылылық, қайтарымдылық және қамтамасыз етілу шарттарында шартты міндеттемелерді шығаруға міндеттенеді (бар болса);
- 6) **Борышкер**- ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық және қамтамасыз ету шарттарында қарыз / шартты міндеттемелер және Банктің басқа да қаржыландыру құралдары берілген **Қарыз алушы/Бірлесіп қарыз алушы/Салымшы-Кепілзат беруші** (бар болса);
- 7) **Ай сайынғы төлем** – Борышкердің ағымдағы берешегін өтеу бойынша міндеттемелерді орындау үшін өтеу кестесінде белгіленген күні енгізілуге жататын, Қаржыландыру шартына қосымша болып табылатын өтеу кестесінде айқындалған ақша сомасы;
- 8) **Берешек** – негізгі борыштың және мерзімі кешіктірілген, алайда төленбеген сыйақының, комиссияның, оның ішінде мерзімі кешіктірілген комиссияның, айыппұлдардың, өсімпұлдардың, тұрақсыздық төлемдерінің, дебиторлық берешектің және белгілі бір нақты күнге Қаржыландыру шартының талаптары бойынша Банкке Борышкер төлеуі тиіс өзге де төлемдердің сомасы. Мәтін бойынша «Берешек» термині Жеке қаржыландыру шарты бойынша берешек сомасын айқын білдіруі мүмкін;

9) **Қарыз-ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық және қамтамасыз ету шарттарында** жасалған Қаржыландыру шарты шеңберінде Банк Борышкерге берген ақша сомасы/шартты міндеттемелер (егер қарыз бойынша қамтамасыз ету қаржыландыру шартының талаптарында көзделсе);

10) **Қосылу туралы өтініш** – Шартқа қосылу туралы өтініш, онда Банк, Салымшы-Кепілзат беруші және Борышкер туралы мәліметтер көрсетіледі (егер Қарыз алушы Салымшы-Кепілзат беруші болып табылмаса). Қосылу туралы өтініш және Шарт тек бірыңғай құжат ретінде қаралады;

11) **Лимит** – Қаржыландыру шартында айқындалған талаптарда Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің бір жолғы пайдалануында болуы мүмкін, Банк белгілеген қаржыландырудың шекті мөлшері;

12) **Қамтамасыз ету** – Салымшы-кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде ұсынылған кепіл және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің өзге тәсілдері;

13) **Дербес деректер** – Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында айқындалған, оның ішінде болашақта туындайтын дербес деректер субъектісіне қатысты мәліметтер, сондай-ақ оларға енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар;

14) **Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен күдікті операция (күдікті операция)** – оны жасау үшін пайдаланылатын ақша және (немесе) өзге мүлік қылмыстық әрекеттен түскен табыс болып табылатыны не операцияның өзі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді немесе басқа қылмыстық қызметті қаржыландыруға бағытталған деген күмән туындайтын Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің операциясы (осындай операцияны жасауға әрекет жасауды, жасау процесіндегі операцияны немесе жасалған операцияны қоса алғанда);

15) **Кепіл заты** – Салымшы-Кепілзат берушіге тиесілі, Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Банкке берешекті қайтару, Қаржыландыру шарты бойынша Банктің шығыстарын өтеу жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз ету ретінде, сондай-ақ Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шартында көрсетілген Банк алдындағы басқа міндеттемелерін орындау ретінде ұсынылған, Қосылу туралы өтініште көрсетілген қолданылу мерзімі бар салымға (бұдан әрі – Салым) салымшының құқығы;

16) **Дербес деректер субъектілері** – жеке тұлғалар: Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер, Қаржыландыру шарты бойынша қамтамасыз етуді ұсынған/ұсынатын өзге жеке тұлғалар, сондай-ақ заңнаманың және/немесе Қаржыландыру шартының және/немесе Банкпен жасалған өзге де мәмілелердің және/немесе Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес дербес деректері Қаржыландыру шартын жасасу және орындауға байланысты Банкке ұсынылуы тиіс өзге тұлғалар;

17) **Тарифтер** – Салымшы-Кепілзат берушіге оның қызметіне байланысты қызмет көрсеткені үшін Банкке тиесілі, қызметтерге ақы төлеу күніндегі қолданыстағы комиссиялық сыйақы мөлшері;

18) **Ағымдағы шот** – Салымшы-Кепілзат берушінің немесе Борышкердің банктік шот шарты/Қосылу туралы өтініш негізінде Банкте ашылған банктік шоты;

19) **Банктің уәкілетті органы**- салымдар бойынша қаржыландыру және жеке шарттар беру туралы шешім қабылдау бойынша тиісті құзіреттіліктер берген Банктің органы немесе тиісті тұлға, оның ішінде Банктің Директорлар кеңесі (Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар бойынша).

2. Шарттың мәні

2.1. Салымшы-Кепілзат беруші немесе соңғысы және Борышкер қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы шартқа қосылады (Шартқа №1 және №2 қосымшалармен).

2.2. Жеке шарттар Қосылу туралы өтініште анықталады.

2.3. Қосылу туралы өтініште Шартта көзделмеген қосымша талаптар/ережелер/құқықтар мен міндеттер болуы мүмкін.

2.4. Егер Қосылу туралы өтініште Шарттың ережелерінен ерекшеленетін өзге де ережелер

белгіленген жағдайда, Банктің уәкілетті органы бекіткен Қосылу туралы өтініштің ережелері басымдыққа ие болады.

2.5. Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер келіседі және төмендегілерді растайды:

- Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Шарттың талаптарын толық көлемде, қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз оқыды, түсінді және қабылдады, Шарттың және Қосылу туралы өтініштің талаптарын уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенеді, оларды орындамаудың және/немесе тиісінше орындамаудың ықтимал қолайсыз салдарын түсінеді және қабылдайды;

- Шартта Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер өзінің ақылға қонымды түсінетін мүдделерін негізге ала отырып қабылдамайтын, Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер үшін қандай да бір ауыртпалықты талаптар жоқ;

- Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер, егер Банкте Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер қол қойған қосылу туралы өтініш болса, ол шартты оқымағаның/түсінбегенінің / қабылдамағанының дәлелі ретінде шартта оның қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқ;

- Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қосылу туралы өтініштің барлық шарттарымен келіседі;

- Шарттың, Қосылу туралы өтініштердің барлық ережелері Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкердің мүдделері мен ерік білдіруіне толық көлемде сәйкес келеді;

- Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер шарт жасасу және Шартта көрсетілген банктік қызметтерді алу үшін қажетті барлық рәсімдерді сақтаған;

- Шарт жасасу және орындау мақсатында Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер ұсынған барлық ақпарат дұрыс, толық және дәл;

- Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер өзінің резиденттік елінің заңнамасына сәйкес тиісті түрде құрылған және тіркелген;

- Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер және оның өкілдері, уәкілетті тұлғалар тиісті корпоративтік органдардан/тұлғалардан/мемлекеттік органдардан шарт жасасуға және орындауға барлық қажетті құқықтары мен өкілеттіктеріне ие;

- Шарт жасасу және оның талаптарын орындау Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкерге қолданылатын заңнаманың кез келген нормаларын бұзбайды және бұзуға әкеп соқпайды;

Шартқа барлық қосымшалар (олар болған жағдайда), Қосылу туралы өтініш, сондай-ақ Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкерден Шарт шеңберінде (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) Банк қабылдаған өзге де өтініштер/өтінімдер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2.6. Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер төмендегілерге келісім береді:

- Қосылу туралы өтініш шеңберінде кез келген заңды жұмыс істейтін бюролардан, қорлардан, деректер базасынан және өзге де ақпарат көздерінен өзі ақпарат алуға;

- егер өзгертулер уәкілетті органдардың дерекқорына (ЖТ МДҚ және т.б.) енгізілетін және пайдаланылатын болса, Банк оның дербес деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы және дербес деректерге жатқызылған өзге де деректер) өзгерткен жағдайда түзетуге;

- Банкпен қаржылық және оның мүліктік сипаттағы басқа міндеттемелеріне қатысты және болашақта Банкке түсетін ақпаратты беру туралы шарт жасасқан кредиттік бюроларға ол туралы ақпаратты беруге;

- Банк ақпарат алу туралы шарт жасасқан кредиттік бюроларда болатын, болашақта оның қаржылық және мүліктік сипаттағы басқа да міндеттемелеріне қатысты ақпарат беруге;

- жеке, биометриялық және/немесе өзге де деректерді жинауға, өңдеуге, осы деректерді үшінші тұлғаларға, олардың агенттеріне және олар уәкілеттік берген өзге де тұлғаларға ашуға, осы деректерді кредиттік бюроларға беруге; Банктің мемлекеттік және мемлекеттік емес дерекқорлардан, оның ішінде кредиттік бюролар арқылы ақпарат алуына; кредиттік бюроның ол

туралы Мемлекеттік және мемлекеттік емес дерекқорлардан мемлекеттік және мемлекеттік емес дерекқорлардың операторларынан/иелерінен ақпарат алуына; кредиттік бюроның; мемлекеттік және мемлекеттік емес дерекқорлар иелерінің кредиттік бюроның барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес дерекқорынан тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы ол туралы ақпарат беруіне;

- оның дербес деректеріне қатысты ақпаратты жинауға, өңдеуге және таратуға, оның ішінде егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе ол туралы дербес деректерді барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарға, ұйымдарға таратуға. Банк өзі бекіткен Дербес деректер тізбесіне кіретін, электрондық, қағаз және (немесе) өзге тасығышта тіркелген оған қатысты барлық мәліметтер ол туралы Дербес деректер болып табылады.

3. Шарттың талаптары

3.1. Шарт шеңберінде Банк Салымшы-Кепілзат берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасы, Банктің ішкі құжаттары, Шарт және қосылу туралы өтініш белгілеген тәртіпте және шарттарда Банкте жинақ шотын (бұдан әрі – Жинақ шоты) ашады және Шотта Қосылу туралы өтініште көрсетілген сомада және валютада ақша орналастырады, Шартқа және қосылу туралы өтінішке сәйкес мөлшерде және тәртіппен салым бойынша сыйақы (бар болса) төлейді және Шартта және Қосылу туралы өтініште көзделген мерзімде және талаптарда салымды қайтарады. Банк Салымшы-Кепілзат беруші Банкке ұсынылуы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес шот ашу және жүргізу үшін қажет барлық құжаттарды ұсынған кезде, қол қойылған Қосылу туралы өтініш негізінде шот ашады.

Банк Салымшы-Кепілзат берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шот ашуға тыйым салуды қоспағанда, Салымшы-Кепілзат беруші ұсынған құжаттар негізінде Шоттар ашады.

3.2. Салым Шотқа ақша есептелген күні қабылданды деп есептеледі:

- Қосылу туралы өтінішке сәйкес ағымдағы шоттан/Банктегі қолданыстағы мерзімді салымды (ішінара/толық) жинақ шотынан алу көзделген. Салымшы-Кепілзат беруші Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, шотқа есепке алу үшін Шартта белгіленген мөлшерде Салымшы-Кепілзат берушінің қолданыстағы мерзімді салымының ағымдағы шотынан/жинақ шотынан Банктің салым сомасын алуға келісімін (құқығын) Банкке ұсынады. Бұл ретте Салымшы-Кепілзат беруші тарапынан қандай да бір қосымша келісім/растау/нұсқау талап етілмейді.

3.3. Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің қаржыландыру шарттары бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауын қамтамасыз ету ретінде Кепілзат беруші Салымшы-Кепілзат берушінің Шарттың және Қосылу туралы өтініштің талаптарына сәйкес шотқа орналастырылған ақшаға құқығын Банкке кепілге береді.

3.4. Кепіл затының құрамына Салымшы-Кепілзат берушінің Шарт және Қосылу туралы өтініш күшіне енген сәтте бар қандай да бір борыштары мен міндеттемелері кірмейді.

3.5. Қосылу туралы өтініште Қаржыландыру шарты бойынша Салымшы-Кепілзат берушінің немесе Борышкердің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде Салымшы-Кепілзат берушінің құқықтарын кейіннен Банкке бере отырып, жинақ шотында орналастырылатын ақша сомасы, салым мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, шот нөмірі және салым бойынша өзге де талаптар көрсетіледі.

Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері Қосылу туралы өтініште көзделген шарттарға және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларға байланысты өзгертілуі мүмкін. Салымшы-Кепілзат берушінің жазбаша өтініші бойынша Банк Салымшы-Кепілзат берушіге жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің өзгертілген мөлшері туралы мәліметтер береді.

3.6. Банктің алдын-ала жазбаша келісімімен кепіл затын қайта кепілге салуға жол беріледі.

3.7. Салым бойынша сыйақы (бар болса) шындыққа сай, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеулердегі сыйақы мөлшерлемесін көрсете отырып, Қосылу туралы өтініште айқындалған мөлшерде есептеледі. Салым бойынша сыйақыны есептеу Салым Шотқа түскен күннен бастап жүзеге асырылады. Салымды Шотқа есепке алу күні және оны Салымшы-Кепілзат берушіге қайтару күні бір күн болып есептеледі. Сыйақыны есептеу операциялық күннің соңына Салымның

нақты сомасын негізге ала отырып жүргізіледі. Сыйақыны есептеу кезінде негіз ретінде келесі есептік база қабылданады – айына 30 күн¹ және жылына 360 күн. Салым қалдығына есептелген Салым бойынша есептелген сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен төлем көзінен алынатын табыс салығын (бұдан әрі – ТС) (егер мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса) ұстай отырып, Қосылу туралы өтініш талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сыйақы ағымдағы шотқа төленеді, Салым сомасын қайтару Салымшы-Кепілзат берушінің Қосылу туралы өтініште көрсетілген мерзімді салымның ағымдағы шотына/жинақ шотына жүргізіледі. Сыйақыны капиталдандыру қарастырылмаған.

Егер Салымды қайтару сәтінде Қосылу туралы өтініште көрсетілген Жинақ шоты жабылған жағдайда, Банк Салымшы-Кепілзат берушінің Банкте ашылған өзге шотына ақша аударады.

3.8. Шарт бойынша салымды қайтару шарты (бұдан әрі – Шарт):

- Борышкердің және/немесе Салымшы-Кепілзат берушінің Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін толық/толық мерзімінен бұрын орындауы;
- Қаржыландыру шарты бойынша қамтамасыз етуді ауыстыру/шығару кезінде Банктің келісімімен шартты бұзу;

3.9. Салым бойынша бастапқы жарнаның ең аз мөлшері: кепіл мақсаты үшін Кепіл затының құнына тең болуы тиіс және Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

3.10. Салым бойынша ішінара алу Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3.11. Шарттың және қосылу туралы өтініштің талаптарына сәйкес есептелген Салым бойынша сыйақыны жоғалтпай мерзімінен бұрын бұзуға осы тармақтың 3.8-тармақшасында көрсетілген талаптар туындаған кезде немесе Банктің Уәкілетті органының шешімі бойынша болады.

3.12. Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады, ол «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ берген 02.04.2021 жылғы № 16 куәлігімен расталады.».

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңға (бұдан әрі – депозиттерге кепілдік беру туралы Заң) сәйкес шоттағы ақша депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады. Депозиттерге кепілдік беру туралы заңда көзделген кепілдік өтемді төлеу шарттары, мерзімдері мен тәртібі туралы хабарлама Банктің Интернет-ресурсында (www.jusan.kz) орналастырылған³.

3.13. Салым бойынша қосымша жарналарды қабылдау жүзеге асырылады:

1) Салым сомасы төмендеген жағдайда, Қосылу туралы өтініште көрсетілген оның бастапқы мөлшеріне дейін Салым сомасын толықтыру кезінде;

2) өзге жағдайларда Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша;

3.14. Банк Салымшы-Кепілзат берушіден және/немесе Борышкерден көрсетілген қызметтер үшін Банктің Интернет-ресурсында (www.jusan.kz) немесе Банктің орынжайлары (операциялық бөлімшелері) ішінде Салымшы-Кепілзат берушінің/Борышкердің көруі үшін қолжетімді орында орналастырылған операцияны жүзеге асыру сәтінде қолданыстағы Банк тарифтерімен белгіленген мөлшерде және тәртіппен комиссия алады.

3.15. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, шот теңгемен де, шетел валютасымен де ашылуы және жүргізілуі мүмкін.

3.16. Шот валютасынан басқа валютада Банк алдында пайда болған берешекті өтеу есебіне

¹ Айдағы күнтізбелік күндердің санына байланысты 30-шы есептік күн үшін сыйақы есептеу былайша жүргізіледі:

егер айда 28/29 күнтізбелік күн болса, 28-күннің (3 күн үшін)/29-күннің (2 күн үшін) соңындағы қалдықты басшылыққа ала отырып

егер айда 30 күнтізбелік күн болса, онда 30 күннің аяғындағы қалдық негізге алына отырып

егер айда 31 күнтізбелік күн болса, 31 күннің соңындағы қалдықты негізге ала отырып, бұл ретте 30 күн үшін сыйақы есептеу

жүзеге асырылмайды

Сыйақыны есептеудің осы әдісі айдың 30-күні енгізілген салымдарға да қатысты

³ Аталған тармақтың талаптары заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғамен/жеке нотариуспен/жеке сот орындаушысымен/шаруа (фермер) қожалығымен/кәсіби медиатормен / адвокатпен Заңға сәйкес Шарт жасасу кезінде қолданылады

шоттан ақшаны акцептсіз алған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Банктің қолданыстағы тарифтері бойынша айырбастау үшін комиссияны ұстай отырып, қолма-қол ақшасыз айырбастауды жүзеге асырады.

3.17. Салымды Салым мерзімі аяқталғаннан кейін қайтару талаптар орындалған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

3.18. Салым шоттан Салым сомасы және ол бойынша есептелген сыйақы алынған/қайтарылған күннен бастап қайтарылған болып есептеледі.

3.19. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша шотты жабуға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, Шотты жабу салым қайтарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Банк құқылы:

4.1.1. Салымшы-Кепілзат берушіден және/немесе Борышкерден Кепіл/Салым затының сақталуы үшін және Кепіл затының құнын азайтатын кез келген актілерді болдырмау үшін қажетті және жеткілікті шаралар қабылдауды талап етуге;

4.1.2. Салымшы-Кепілзат берушіден және/немесе Борышкер Банк алдындағы міндеттемелерін орындағанға дейін Салымға билік ету бойынша Салымшы-Кепілзат берушінің нұсқауларын орындауға қабылдамауға;

4.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен шоттан ақша алуды жүргізуге;

4.1.4. Кез келген уақытта құжаттар бойынша және Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің өз міндеттемелерін нақты орындауын тексеруге, соның ішінде Салымшы-Кепілзат берушінің Кепіл затына байланысты, Банкке оның ішкі құжаттарына сәйкес кепілдердің бірыңғай базасын жүргізу үшін қажетті құжаттарды және/немесе ақпаратты ұсынуын талап етуге;

4.1.5. Шотты/Салымды толығымен бұғаттауға, Шотты/Салымды бұғаттау деп Салымшы-Кепілзат берушінің Шоттан ақша/салым аудару жөніндегі операцияларды және Шот бойынша өзге де шығыс операцияларын жүргізуден ерікті сөзсіз және қайтарып алынбайтын бас тартуы және Банктің Салымшы-Кепілзат берушінің немесе үшінші тұлғаның шотынан ақшаны есептен шығару жөніндегі өкімін (нұсқауларын) (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) орындауға қабылдамау құқығы түсініледі;

4.1.6. Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша мерзімі кешіктірілген берешегі болған жағдайда, Салымды/Кепіл затын ұстап қалу, осы мерзімі кешіктірілген берешекті тиісті түрде өтегенге дейін Кепіл затына/Салымға қатысты банк құқықтарын сақтау үшін кез келген шараларды жүзеге асыру не Банк салымға /кепіл затына акцептсіз тәртіппен осы Шарт бойынша көзделген жағдайларда және тәртіппен өндіріп алуға;

4.1.7. Салымшы-Кепілзат берушіден және/немесе Борышкерден Қаржыландыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге;

4.1.8. Шартта және/немесе Қосылу туралы өтініште және/немесе Қаржыландыру шартында көзделген тәртіппен және жағдайларда Салымшы-Кепілзат берушіден және/немесе Борышкерден Кепіл затын ауыстыруды/Шотты толықтыруды келісімнен өткізуге/талап етуге;

4.1.9. Салымшы-Кепілзат берушіден Кепіл затын ауыстыруды немесе Шартта және/немесе Қосылу туралы өтініште және/немесе қаржыландыру шартында көзделген тәртіппен және жағдайларда қосымша қамтамасыз етуді беруді талап етуге;

4.1.10. Шартта және/немесе Қосылу туралы өтініште және/немесе Қаржыландыру шартында көзделген тәртіппен және жағдайларда Кепіл/Салым затының есебінен өз талаптарын акцептсіз өндіріп алу арқылы қанағаттандыруға;

4.1.11. Салымшы-Кепілзат берушіден Шартқа және Қосылу туралы өтінішке сәйкес айыппұл санкцияларын төлеуді талап етуге;

4.1.12. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қаржыландыру шарты бойынша

міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда дефолт жариялауға және Банкте ашылған барлық шоттардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде басқа банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген шоттардан ақшаны алып қоюға (есептен шығаруға), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қамтамасыз етуге, оның ішінде кепіл затына өндіріп алу қолдануға, оның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғалардың нұсқауы бойынша;

4.1.13. Тараптардың келісімі бойынша Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесін өзгертуге;

4.1.14. Тікелей дебеттеу жолымен Шоттан акцептсіз тәртіппен төмендегілерді алып қоюға:

- Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда салым сомасын;

- Салымды орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін мерзімді салымның Ағымдағы шотына/Жинақ шотына кейіннен аудару үшін салым сомасын;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Шотқа қате есептелген ақшаны;

- Салым бойынша қате есептелген және төленген сыйақы сомасын;

- Шартта және/немесе Қосылу туралы өтініште және/немесе Қаржыландыру шартында көзделген жағдайда тұрақсыздық төлемінің сомасын;

- кейіннен ағымдағы шотқа аудару үшін Қосылу туралы өтінішпен белгіленгеннен артық мөлшерде түскен ақша;

Шартта және Қосылу туралы өтініште және/немесе Қаржыландыру шартында көзделген өзге жағдайларда;

4.1.15. Банк көрсеткен қызметтер үшін комиссиялық сыйақы, сондай-ақ Салымшының тиісті шотын тікелей дебеттеу арқылы Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Банк алдындағы кез келген берешегінің сомасын Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Банкте ашылған өзге банктік шоттарынан алып қоюға. Осы тармақта көрсетілген Салымшы-Кепілзат берушінің тиісті комиссиялық сыйақысы және/немесе Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Банк алдындағы өзге берешегі мөлшерінде банктік шотты тікелей дебеттеу жолымен Салымшы-Кепілзат берушінің тиісті банктік шотынан ақшаны алуға келісімі болып табылады. Бұл ретте Кепілзат беруші-Салымшы Банктің Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің тиісті банктік шотынан банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы ақшаны тиісті түрде алуы үшін жеткілікті негіз және құжат болып Шарт табылатындығына өзінің келісімін береді;

4.1.16. Банк ақпаратты Банктің интернет-ресурсында (www.jusan.kz), сондай-ақ Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің көруі үшін қолжетімді Банктің орынжайларында (операциялық бөлімшелерінде) орналастыра отырып, Банк қызметтерінің тарифтеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға құқылы. Тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпарат Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің назарына осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізіледі;

4.1.17. Уәкілетті мемлекеттік органдардың/лауазымды тұлғалардың/жеке сот орындаушыларының шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы не шоттағы ақшаға (салымға) тыйым салу туралы кез келген орындалмаған талаптары және/немесе өкімдері (шешімдері/қаулылары) болған кезде Салымшы-Кепілзат берушіге шоттан ақшаны алу және/немесе шотты жабу бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға;

4.1.18. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда шот бойынша операциялар жүргізуден бас тартуға;

4.1.19. Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен операциялар жүргізуден бас тартуға, шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

4.1.20. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңда және «Қылмыстық жолмен алынған

кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға. Шартты және Қосылу туралы өтінішті орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, Банк Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Қосылу туралы өтініште көрсетілген Борышкердің мекенжайы бойынша шартты орындаудан бас тарту туралы хабарламаны және Қосылу туралы өтінішті электрондық нысанда немесе пошта арқылы (банктің қалауы бойынша) шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Хабарламада көрсетілген күннен бастап Шарт бұзылды деп есептеледі, бұл ретте Тараптар арасында қандай да бір келісімдер жасасу талап етілмейді. Шартты орындаудан біржақты бас тартқан кезде Банк біржақты бас тарту күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Қосылу туралы өтініште көзделген мөлшерлеме бойынша шартты орындаудан біржақты бас тарту күніне сыйақы (осындай болған жағдайда) төлейді. Орындаудан біржақты бас тарту «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шектеулер ескеріле отырып жүзеге асырылады;

4.1.21. Салымшы-Кепілзат берушіге және/немесе Борышкерге шот бойынша операцияларды жүзеге асырудан (нұсқауларды акцептеуден) бас тартуға:

1) егер мұндай операция қатысушылары төменде көрсетілген тізімдерде болса немесе:

- халықаралық санкциялық тізімдерде;
- жеке мемлекеттердің санкциялық тізімдерінде;
- жеке мемлекеттердің клиенттердің ерекше/тыйым салынған санаттарының тізімінде;
- корреспондент-банктердің қызмет көрсету үшін тыйым салынған/ ұнамсыз клиенттерінің тізімінде көрсетілген тұлғалармен байланысты/үлестес тұлға болып табылса;

сондай-ақ егер операция/операция қатысушылары тәуекел деңгейі жоғары елдер тізімімен байланысты болса;

2) Салымшы-Кепілзат беруші Банкке дұрыс емес ақпаратты, жарамсыз, жалған құжаттарды ұсынған кезде;

3) Банк уәкілетті мемлекеттік органдардан Салымшы-Кепілзат беруші жүзеге асырғанын және/немесе Салымшы-Кепілзат берушінің қаржы және экономикалық қызмет саласында қылмыс/құқық бұзушылық жасады деп күдіктенгенін куәландыратын ақпаратты/ мәліметтерді алған кезде;

4) Салымшы-Кепілзат берушінің төлем тапсырмасын онда көрсетілген делдал-банк, оның ішінде шетелдік корреспондент арқылы кез келген негіздер бойынша орындау мүмкін болмаған жағдайда, оның ішінде тиісті делдал-банк Салымшы-Кепілзат берушінің тиісті нұсқауларын орындаудан бас тартқан жағдайда;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында, банк практикасында қолданылатын іскерлік айналым дағдыларында көзделген өзге де жағдайларда;

4.1.22. Банк Салымшы-Кепіл беруші және/немесе Борышкер Қаржыландыру шартында көзделген өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда Кепіл затына өндіріп алу қолдану (яғни акцептсіз тәртіппен меншікке айналдыру) құқығына ие болады;

4.1.23. Кепіл затынан өндіріп алу үшін сот органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың шешімдері талап етілмейді;

4.1.24. Кепіл затының сомасы Банктің талаптарын толық қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, ол жетіспейтін соманы Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің, оның ішінде кепіл туралы басқа шарттар бойынша қаржыландыру шартын қамтамасыз етуге кепілге салынған кез келген басқа мүлкінен алуға құқылы;

4.1.25. Салымшы-Кепілзат беруші кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені немесе оның орындалуы мерзімі кешіктірілген бөлігін орындай отырып, кепіл затынан өндіріп алуды кез келген уақытта тоқтатуға құқылы;

4.1.26. 4.1.26. Банк ақпаратты Банктің мына мекенжай бойынша: www.jusan.kz Интернет-ресурсында немесе Банктің үй-жайларында (операциялық бөлімшелерде) кепіл беруші-салымшының және борышкердің көруі үшін қолжетімді орында орналастыра отырып, Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға құқылы (қосылу туралы

өтініште көрсетілген, қосымша келісім жасасу жолымен өзгертілуі мүмкін талаптарды қоспағанда).

4.1.27. Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ақпарат орналастырылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, Шарт талаптарын қабылдамау туралы өтінішті Банкке ұсынбауы Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Шарттың жаңа (өзгертілген және/немесе толықтырылған) редакциясымен келісімін және оған енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, тұтастай қосылуын білдіреді.

4.1.28. Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін ол өзгертілген және/немесе толықтырылған түрде қолданылуын жалғастырады.

4.1.29. Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді талап ететін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген кезде Шарттың 4.1.26 – 4.1.28-тармақтарында белгіленген тәртіпке сәйкес шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін шарттың тараптары Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

4.2. Банк міндеттенеді:

4.2.1. Салымшы-Кепілзат беруші қол қойған Шартқа Қосылу туралы өтініш негізінде, жеке сәйкестендіру кодын бере отырып, Салымшы-Кепілзат беруші Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың толық пакетін ұсынған кезде, 1 (бір) операциялық күн ішінде Шот ашуға;

4.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде, Салымшы-Кепілзат беруші және/ немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы барлық міндеттемелерді толық/толық мерзімінен бұрын орындау, бар болса Банк Кепілдік затын/Салымды ұстап қалу құқығын пайдалана алатын, Салымшы-Кепілзат беруші және/ немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы кез келген өзге міндеттемелер бойынша мерзімі кешіктірілген берешегі болмау шартымен, Кепілдік затынан ауыртпалықты алып тастауға.

Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банк қызметіне байланысты бұзушылықтар үшін жауапты болады;

4.2.3. Үшінші тұлғалар, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және/немесе мемлекеттік органдарының лауазымды тұлғалары және/немесе сот орындаушылары ұсынған төлем құжаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде орындауға;

4.2.4. Салымшы-Кепілзат беруші оны табыс салығын ұстаудан немесе салық заңнамасының және жасалған халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес төмендетілген салық салу мөлшерлемесін қолданудан босататын құжатты ұсынған кезде Салымшы-Кепілзат беруші бұрын ұсталған және бюджетке төлеген салықты оның банкте ашылған ағымдағы шотына қайтаруға.

4.3. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер құқылы:

4.3.1. Егер Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындаған жағдайда, Банктен Кепіл затын/Салымды ұстап қалу құқығын пайдаланбауды талап етуге;

4.3.2. Қосылу туралы өтініште көзделген талаптарда, мөлшерде және тәртіппен Салымды және есептелген сыйақыны алуға;

4.3.3. Жазбаша сұрау салу негізінде шоттың жай-күйі және сыйақы сомасы туралы ақпарат алуға;

4.3.4. Салым бойынша қосымша жарналарды Шартта және қосылу туралы өтініште көзделген тәртіппен жүргізуге.

4.4. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер міндеттенеді:

4.4.1. Шот ашылған күні Банкке Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Шот ашу және жүргізу үшін қажетті құжаттарды, сондай-ақ Салымшы-Кепілзат берушіге төленетін сомадан төлем көзінен табыс салығы

сыйақысын ұстаудан немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған халықаралық шарттарға (егер болған жағдайда) сәйкес төмендетілген салық салу мөлшерлемесін қолданудан босататын тиісті құжатты (бар болса) ұсынуға;

4.4.2. Банкке қосылу туралы өтінішке/Қаржыландыру шартына қол қою сәтінде үшінші тұлғалардың кепіл/Салым нысанасына барлық құқықтары мен талаптары туралы, сондай-ақ болашақта Қосылу туралы өтінішке/Қаржыландыру шартына қол қойылғаннан кейін олардың туындау қаупі туралы дереу жазбаша ескертуге;

4.4.3. Кепіл/Салым затының сақтандығын және Банктің Кепіл затына/Салымға құқықтарының шектеулерінің жоқтығын, қоса алғанда және шектелмей, Кепілзат беруші-Салымшының үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін бұзуына байланысты Салым шоттарына/Салымға тыйым салу және/немесе Шоттан ақшаны акцептісіз алу жолымен қамтамасыз етуге;

4.4.4. Кепіл затының/Салымның жоғалу қаупінің туындағаны туралы Банкке дереу хабарлауға, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Кепіл затына/Салымға қатысты немесе қатысты болуы мүмкін және Салымшы-Кепілзат берушіге мемлекеттік орган, мекеме, лауазымды тұлға немесе қандай да бір үшінші тарап берген кез келген өкім, нұсқау, формальды жазбаша талап, хабарлама немесе кез келген басқа құжат туралы осындай құжатты қоса бере отырып, Банкке дереу жазбаша хабарлауға;

4.4.5. Үшінші тұлғалар тарапынан Кепіл затын/Салымды қол сұғушылықтан және талаптан қорғау бойынша барлық мүмкін шараларды қабылдауға;

4.4.6. Банктің құқықтарына қатысты басым болып табылатын Кепіл затына /Салымға қатысты кез келген үшінші тұлғаларда құқықтардың (талаптардың) туындауының алдын алу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауға;

4.4.7. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін немесе Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді тоқтатудың өзге негіздері басталғанға дейін Банктің тиісті алдын-ала жазбаша келісімінсіз Кепіл затымен/Салыммен мәмілелер жасамауға;

4.4.8. Банкке құжаттар бойынша және Салымшы-Кепілзат берушінің міндеттемелерін нақты орындағанын, Кепіл затының /Салымның бар-жоғын және сақталуын тексеруге жан-жақты көмек көрсетуге, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, Банкке Кепіл затына/Салымға байланысты, оның ішкі құжаттарына сәйкес кепіл базасын жүргізу үшін Банкке қажетті құжаттарды және/немесе ақпаратты беруге;

4.4.9. Банкке Кепіл затына/Салымға және Салымшы-Кепілзат берушінің өз міндеттемелерін орындауына қатысты кез келген құжаттарды беруге;

4.4.10. Шартқа және Қосылу туралы өтінішке сәйкес Салым шотын/Салымды бұғаттауда Банкке кедергі жасамауға, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Борышкер Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда Салым шотын/Салым бұғаттан шығару туралы өкімдерді/нұсқауларды Банкке жібермеуге;

4.4.11. Кепіл затының ауыстырылғаны/Салым шотын толықтыру мүмкіндігі және/немесе Кепіл затының ауыстырылғаны/Салым шотын толықтырғаны туралы Банкке Шартта және Қосылу туралы өтініште көзделген тәртіппен және жағдайларда хабарлауға;

4.4.12. Банкті пошта және/немесе Банк деректемелерінің және/немесе тұрғылықты жерінің және/немесе заңды мекенжайының алдағы уақытта өзгертілетіні туралы алдын-ала жазбаша хабардар етуге;

4.4.13. Пошталық және/немесе банктік деректемелері және/немесе тұрғылықты жері және/немесе заңды мекенжайы өзгерген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Банкке жазбаша хабарлауға;

4.4.14. Банк Салым/Кепіл заты есебінен өз талаптарын қанағаттандыру құқығын іске асырған кезде Салым шотынан Салымды акцептісіз алып қоюға Банкке кедергі келтірмеуге, ал Кепіл затынан өндіріп алу кезінде Салымды беру мүмкін болмаған кезде Банкке кедергі келтірмеуге және Салымшы-Кепілзат берушінің Салымға құқықтарын Банкке аудару бойынша барлық қажетті іс-әрекеттерді жасауға кедергі келтірмеуге;

4.4.15. Банкке, оның ішінде Банктің алғашқы жазбаша талабы бойынша ұсынуға және ұсынуды қамтамасыз етуге:

- Дербес деректер субъектілерінің дербес деректері бойынша тиісті түрде ресімделген келісімдерді;

- Дербес деректер субъектілерінің өзекті және шынайы дербес деректерін;

4.4.16. Келесі жағдайлардың алдын-алу бойынша шаралар қабылдауға:

- Дербес деректер бойынша Банкке берілген келісімдердің кез келгенін кері қайтарып алу;

- олардың шындыққа дау айту;

- Дербес деректер бойынша Банкке берілген келісімдердің кез келгенін жарамсыз деп тану;

- Дербес деректер субъектілерінің жою, бұғаттау туралы талаптарды қоюы;

- Банкке берілген Дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін иесіздендіру;

- Салымшы-Кепілзат берушінің Дербес деректер субъектілерінің дербес деректері және/немесе дербес деректері бойынша Банкке келісім беруді ұсынумен/қамтамасыз етумен байланысты шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке шаралар қолдану;

4.4.17. Салымшы-Кепілзат берушінің Дербес деректер және/немесе Дербес деректер субъектілерінің дербес деректері бойынша Банкке келісім беруді қамтамасыз етумен/ұсынумен байланысты шарт және қосылу туралы өтініш бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, оған келтірілген кез келген шығындар мен шығындарды Банкке өтеуге;

4.4.18. Банктен тиісті талапты алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде операцияны жүзеге асыру сәтінде қолданыстағы Банк тарифтеріне сәйкес Шот бойынша операцияларды жүзеге асыру бойынша Банк қызметтерін (комиссиялық сыйақыны) төлеуге;

4.4.19. Шартта және Қосылу туралы өтініште көзделген міндеттемелерді орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда Банк төлеуге қойған айыппұл санкцияларын төлеуге;

4.4.20. Ағымдағы шоттың жабылғаны туралы Банкке дереу хабарлауға;

4.4.21. Банк деректемелерінің өзгергені туралы Банкке дереу хабарлауға;

4.4.22. Банктің талаптарын алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Банкке салым бойынша артық төленген сыйақыны қайтаруға;

4.4.23. Құрылтай құжаттарына өзгерістер/толықтырулар енгізу, Шотқа/Салымға иелік етуге уәкілетті тұлғаларды ауыстыру не олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, орналасқан жерін, өзге де деректемелерін, телефон нөмірлерін өзгерту кезінде, сондай-ақ Шарт талаптарын орындау үшін маңызы бар басқа да өзгерістер кезінде 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Банкке жазбаша түрде немесе Тараптармен келісілген басқа байланыс құралдары бойынша хабарлауға және өзгерістер / толықтыруларды растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынуға. Хабарламаған және / немесе уақтылы хабарламаған жағдайда, шартты орындауға байланысты ықтимал салдарлар үшін Салымшы-Кепілзат беруші жауапты болады;

4.4.24. Салым сомасын Қосылу туралы өтініште көзделген шарттарда сақтауға;

4.4.25. Осындай факт анықталған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ақшаны Шоттан қате есептен шығару және/немесе Шотқа қате есепке алу туралы Банкті жазбаша хабардар етуге;

4.4.26. Шотқа қате есептелген ақшаны Банктің талабы қойылған күннен бастап Шотқа қате есептелген ақша анықталған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Банкке қайтаруға.

5. Кепіл затынан өндіріп алу

5.1. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер мынадай міндеттемелердің бірін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде: Банкке негізгі міндеттемені қайтару, сыйақы мен тұрақсыздық төлемін, комиссияларды, Қаржыландыру шартында айтылған мерзімдерде және талаптарда Қаржыландыру шарты бойынша Банктің шығыстарын төлеу не Қаржыландыру шарттарында айқындалған өзге де жағдайлар туындаған кезде Банктік Салымды Банктің меншігіне айналдыру немесе Салымды шоттан акцептсіз алып қою жолымен, Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен салымға өндіріп алу.

5.2. Кепіл заты есебінен Банк Салымшы-Кепілзат берушіге және/немесе Борышкерге төмендегілер бойынша өз талаптарын қанағаттандыруға құқылы:

- (а) Қаржыландыру шарты бойынша негізгі міндеттеме сомасын қоса алғанда нақты қанағаттандыру сәтінде анықталатын толық көлемде, Қаржыландыру шарты бойынша, Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер және/немесе Борышкердің Банкке төлеуі тиіс сыйақысы, Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді Кепілзат беруші және/немесе Борышкердің орындамауына және/немесе тиісті түрде орындамауына байланысты келтірілген шығыстар, сондай-ақ тұрақсыздық төлемі мен Кепілзат беруші және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамауына және/немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Банкке келтірілген, Қаржыландыру шарты бойынша Борышкердің Банкке төлеуі тиіс, Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы кез келген басқа міндеттемелері бойынша басқа шығыстар мен шығындар, Қаржыландыру шарты бойынша басқа төлемдер;

- (б) Кепілзат беруші және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы өзге кез келген міндеттемелері бойынша, Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Банктің осындай берешек көлемінде Кепіл затын/Салымды ұстап қалу құқығын пайдаланғаны туралы тиісті хабардар еткен сәттен бастап.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тараптардың әрқайсысы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және Қосылу туралы өтінішке сәйкес Қаржыландыру шарты бойынша өзіне алған міндеттемелерді бұзғаны үшін екінші Тараптың алдында жауапты болады.

6.2. Егер мұндай жағдайлар еңсерілмейтін күш жағдайларының, соның ішінде бірақ шектелмей: уәкілетті мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шектеу-тыйым салу сипатындағы актілерді/шараларды қабылдауының, бағдарламалық қамтамасыз етудің істен шығуының, электр энергиясын ажыратудың, байланыс желілерінің зақымдануының және Тараптардың еркіне тәуелді емес және шарт мәніне тікелей қатысы бар басқа да жағдайлардың туындауының салдарынан болса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісті түрде орындамау жағдайлары үшін жауапты болмайды.

6.3. Дефолт жағдайлары болып Шартта, Қаржыландыру шартында анықталған жағдайлар, сондай-ақ келесі жағдайлар саналады:

6.3.1. Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Шарт және Қосылу туралы өтініш және/немесе Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындамауы және / немесе тиісінше орындамауы;

6.3.2. Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің қызметін іс жүзінде тоқтату не Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің қызметінің осындай тоқтау қауіпінің болуы;

6.3.3. Кросс-дефолт жағдаяттарының кез келгенінің болуы, бұл кез келген үшінші тұлғалардың алдындағы, сондай-ақ Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкермен байланысты үшінші тұлғалардың, оның ішінде осымен шектелмей, Қаржыландыру шарты, оған қосымша шарттар бойынша акционерлердің (қатысушылардың), басқарушы қызметкерлердің Шарт бойынша Дефолт мүмкіндігін болжауға негіз беретін және Банкке дефолт жариялауға мүмкіндік беретін кез келген өзге міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау жағдайларын білдіреді;

6.3.4. Заңнамалық және орындалуы міндетті өзге де актілермен белгіленген негіздер бойынша Салымшы-Кепілзат берушінің Салымға меншік құқығын тоқтату, Шотта төмендетілмейтін қалдық үшін ақша жеткіліксіз болуы, Кепіл затын/Салымды жоғалту немесе Салымшы-Кепілзат берушінің Салымға меншік құқығын тоқтату немесе төмендетілмейтін қалдық қалдығын азайту қатерінің туындауы;

6.3.5. Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерден басқа, Банк алдындағы кез келген өзге міндеттемелер бойынша Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің мерзімі кешіктірілген берешегінің болуы.

6.4. Шарттың 6.3-тармағында санамаланған дефолт (кросс-дефолт) жағдайлары орын алған

кезде Банк өз қалауы бойынша Қаржыландыру шартында, Шартта және Қосылу туралы өтініште айқындалған іс-әрекеттерді жасауға құқылы, оның ішінде:

6.4.1. Салымшы-Кепілзат берушіден Кепіл затын ауыстыруды және/немесе Шотты/Салымды толықтыруды, ал Салымшы-Кепілзат берушіден және/немесе Борышкерден Кепіл затын ауыстыруды және/немесе қосымша қамтамасыз етуді ұсынуды талап ету;

6.4.2. Кепіл затын/Салымды ұстап тұру;

6.4.3. Салымшы-Кепілзат берушіден және/немесе Борышкерден Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету;

6.4.4. Салымшы-Кепілзат берушіден, Борышкерден залалдарды өтеуді, ал Салымшы-Кепілзат берушіден тұрақсыздық төлемін төлеуді талап ету;

6.4.5. Кепіл затынан өндіріп алу;

6.4.6. Шартта және Қосылу туралы өтініште көзделген тәртіппен Салым шотынан алынған сомалар жеткіліксіз болған жағдайда, Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің кез келген өзге шоттарынан ақшаны акцептсіз алу жолымен, сондай-ақ Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің өзге мүлкі есебінен Борышкерге қойылатын талаптарды қанағаттандыру. Бұл ретте Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің тікелей дебеттеу жолымен Банкте ашылған шоттардан, сондай-ақ Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде басқа банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген басқа шоттарынан ақшаны Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің акцептілеуін талап етпейтін төлем талаптары-тапсырмалары негізінде акцептсіз алуға сөзсіз және қайтарымсыз келісімі, Қаржыландыру шартының және/немесе Шарттың, Қосылу туралы өтініштің көшірмесін қоса бере отырып, Шартта білдірілген.

6.5. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Шарт, Қосылу туралы өтініш бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкке келтірілген барлық шығындарды өтейді.

6.6. Үлгі шарттың талаптарын, Қосылу туралы өтінішті бұза отырып, не Салымның/Кепіл затының сақталуын қамтамасыз етпей Кепіл затымен/Салыммен мәміле жасаған жағдайда немесе Салымшы-Кепілзат берушінің кінәсінен Кепіл затын/Салымды жоғалтқан жағдайда немесе Салымшы-Кепілзат берушінің Кепіл затына/Салымға меншік құқығы заңнамалық немесе орындауға міндетті өзге де актілерде белгіленген негіздер бойынша Салымшы-Кепілзат берушінің кінәсінің болуынан тоқтаған жағдайда, Салымшы-Кепілзат беруші Банкке келтірілген шығыстарды Қосылу туралы өтініште (бар болса) анықталған мөлшерде төлейді.

6.8. Банктің уәкілетті органы Қосылу туралы өтініште (бар болса) көрсетілетін тұрақсыздық төлемдерінің өзге де түрлерін қарастыруы мүмкін.

6.7. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелердің қамтамасыз етілу дәрежесін төмендетпей, Банктің жазбаша келісімімен Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің бастамасы бойынша кепілзаттық қамтамасыз етуді өзгерту (кепілге салынған мүліктің бір бөлігін ауыстыру, босату) үшін Банкке комиссия (комиссиялық сыйақылар) төлеуге міндеттенеді.

6.8. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер тұрақсыздық төлемдері мен Шартта және Қосылу туралы өтініште көрсетілген өзге төлемдердің атауымен, түрлерімен және мөлшерімен өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін білдіреді және оларды уақтылы төлеуге, оның ішінде Шартта және Қосылу туралы өтініште көрсетілген тәртіпте Банктің оларды акцептсіз алуы кезінде төлеуге міндеттенеді.

6.9. Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Шарт, Қосылу туралы өтініш, Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Банкке тұрақсыздық төлемін төлеу және/немесе Банктің залалдарын өтеу Салымшы-Кепілзат берушіні және/немесе Борышкерді Қаржыландыру шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаудан босатпайды.

6.10. Банк Шот бойынша қате жүзеге асырылған операция үшін жауапты болады. Бұл

жағдайда Банктің жауапкершілігі қате жүзеге асырылған операцияны жоюмен шектеледі.

7. Шарттың қолданылу мерзімі

7.1. Шарт салым шотына салым сомасы келіп түскен сәттен бастап, Қосылу туралы өтінішке қол қойылғаннан кейін күшіне енеді және Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қаржыландыру шарты бойынша, Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Шарт бойынша, Қосылу туралы өтініш бойынша барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Қаржыландыру шартын тоқтатудың өзге негіздері басталғанға дейін (осы негіздердің қайсысы бірінші басталатынына байланысты) қолданылады.

7.2. Кепіл құқығы Банкте Салым сомасы Салым шотына түскен сәттен бастап Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қосылу туралы өтінішке қол қойғаннан кейін туындайды.

7.3. Банкте Қосылу туралы өтініш бойынша кепіл құқығы туындаған күннен бастап осы күнде орын алған барлық жазбаша және ауызша келісімдер және кепіл затына қатысты өзге де уағдаластықтар, оның ішінде кепіл туралы кез келген алдын ала шарттар тоқтатылады.

7.4. Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес Қаржыландыру шартының қолданылу мерзімін ұзарту кезінде салым мерзімі Қосылу туралы өтінішке қосымша талаптарға қол қою жолымен қаржыландыру шартының мерзіміне ұзартылады.

Бұл ретте Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер салым мерзімін ұзарту кезінде Банктің Салым бойынша уәкілетті органының шешімі бойынша жаңа сыйақы мөлшерлемесі белгіленетініне немесе Салым мерзімін осындай ұзарту сәтінде (егер Қосылу туралы өтініште бар болса) қолданыстағы сыйақы мөлшерлемесі сақталатындығымен келіседі.

7.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, қосылу туралы өтінішке барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалған болса, уәкілетті өкілдер қол қойған жағдайда ғана жарамды.

7.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Шартты орындаудан біржақты бас тартуға және Шартты біржақты өзгертуге, толықтыруға және/немесе бұзуға жол берілмейді.

7.7. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер қайта ұйымдастырылған немесе өзге құқықтық мирасқорлық жағдайында Шарт және Қосылу туралы өтініш бойынша құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның құқықтық мирасқорларына өтеді.

8. Қосымша шарттар

8.1. Осы Шартпен реттелмеген мәселелер бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

8.2. Осы Шартты жасасу және орындау барысында туындайтын немесе онымен байланысты (оның ішінде санкцияланбаған операциялар бойынша) туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде бірлесіп қарайды.

8.3. Осы Шартқа, Қосылу туралы өтінішке байланысты, келіссөздер жолымен реттелмеген барлық даулар Талапкердің/Арыз берушінің таңдауы бойынша Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында (Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес, ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төрелік соттарға бағынысты емес және осыған байланысты Қазақстан Республикасының соттарында қарастырылуы тиіс дауларды қоспағанда, Төрелік сотқа талап/өтініш беру күніндегі редакциядағы осы Төрелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын оның Регламентіне сәйкес, тұрақты жұмыс істейтін «Алматы Төрелік сотында» қарастырылуы тиіс.

8.4. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер дауларды шешу үшін Қазақстан Республикасының құқығы қолданылатындығымен келіседі.

8.5. Шот бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салымшының жазбаша сұрауы бойынша ұсынылады.

8.6. Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Салымшы-Кепіл беруші және/немесе Борышкер акцептсіз тәртіпте тиісті сома мөлшерінде шотты тікелей дебеттеу жолымен Банктің

ақшаны алуына келісім береді;

9. Кепіл затын ауыстыру және Шотты толықтыру

Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкердің қосымша қамтамасыз етуді ұсынуы Шарттың және қосылу туралы өтініштің қолданылатын талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Қаржыландыру шартын мерзімінен бұрын орындау

9.1. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Кепіл затын Банктің талаптарына жауап беретін, ауыртпалық салынбаған тең құнды және өтімді басқа мүлікпен ауыстыруды Банктің алдын-ала жазбаша келісімімен келесідей жағдайларда жүзеге асыруға міндеттенеді:

9.1.1. Кепіл затын/Салымды жоғалту;

9.1.2. Заңнамалық және орындалуы міндетті өзге де актілерде белгіленген негіздер бойынша Кепіл затына/Салымға Салымшы-Кепілзат берушінің меншік құқығының тоқтауы;

9.1.3. Кепіл затын/Салымды жоғалту қаупінің туындауы;

9.1.4. Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің кредиттік желісі және/немесе ақшалай міндеттемелері ұлғайған жағдайда, мыналарды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей: валюта бағамының өзгеруіне байланысты жағдайларда, сондай-ақ Қаржыландыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда, Банк Салымшы-Кепілзат берушіге және/немесе Борышкерге талапты жіберген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде, егер Банктің талаптарында өзге мерзім белгіленбесе, Банктің талаптарын қанағаттандыратын ауыртпалықсыз қамтамасыз ету ұсынуы, бұл ретте Банктің жазбаша келісімін алу.

9.2. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қаржыландыру шарты бойынша Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің берешек сомаларын алуға немесе үшінші тұлғалардың шоттан ақшаны алып қоюына байланысты туындаған Салым сомасы төмендеген жағдайда, оны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банктің бірінші талабы бойынша Шотты толықтыруға міндетті.

9.3. Салымшы-Кепіл беруші және/немесе Борышкер Шарттың 9.1-тармағында көзделген жағдайларда, мерзімінде, өз күшімен және қаражатымен Кепіл затын ауыстыруды/Шотты толықтыруды жүзеге асырады.

9.4. Кепіл затын ауыстырудың барлық жағдайларында Салымшы-Кепілзат берушіге келтірілген шығыстарды Банк Салымшы-Кепіл беруші және/немесе Борышкерге өтемейді.

9.5. Шарттың 9.1-тармағында көзделген жағдайларда Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Банкке жіберетін хабарламада Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің кепіл затын ауыстыруға/қосымша кепіл ұсынуға/Шотты толықтыруға, Салымшы-Кепілзат беруші Банкке ауыстыру үшін ұсынып отырған мүлікке нұсқауды және Кепіл затын ұсыну мерзімін/қосымша кепілді ұсыну мерзімін/шотты толықтыруға берілетін уақытты мүлікке нұсқау және кепіл затын ауыстыру мерзімі/қосымша кепіл беру мерзімі/шотты толықтыру уақыты көрсетілуі тиіс.

9.6. Шарттың 9.1-тармағында көзделген жағдайларда Банктің Салымшы-Кепілзат берушіге және/немесе Борышкерге жіберетін хабарламада Банктің Салымшы-Кепілзат берушіге және/немесе Борышкерге кепіл затын ауыстыру/қосымша кепіл ұсыну/Шарт бойынша салым сомасына дейін шотты толықтыру талабы, Банктің кепіл затының орнына қабылдайтын және Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мүлікке талаптары, Кепіл затын ауыстыру мерзіміне нұсқау/қосымша кепіл ұсыну мерзімі/шотты толықтыруға берілетін уақыт көрсетілуі, Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Кепіл затын ауыстырудан/қосымша кепіл ұсынудан/шотты толықтырудан бас тартқан жағдайда, Кепіл затын Банк талаптарына жауап беретін мүлікпен уақтылы алмастырмаған, шотты уақтылы толықтырмаған жағдайда, Банк Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауды талап ететініне нұсқау көрсетілуі тиіс.

9.7. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Банкке Банктің хабарламасына сәйкес келесі жағдайларда Банк талаптарына жауап беретін қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті:

9.7.1. Кепіл заты Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің кінәсінен Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болған кезде;

9.7.2. Шоттағы ақша сомасының азаю қаупі туындаған жағдайда, оның ішінде валюта бағамы өзгерген кезде;

9.7.3. Егер Банк Кепіл затынан өндіріп алуды қолданғаннан кейін, Банк өзінің құқығын қолданғаны туралы тиісті түрде хабар бергеннен кейін бір ай ішінде Қаржыландыру шарты бойынша Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің кез келген міндеттемелері бойынша Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің мерзімі кешіктірілген берешегі сақталған жағдайда, Кепіл затын, Мүлікті ұстап қалу Салымшының-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болады.

9.8. Банк Салымшы-Кепіл берушіге және/немесе Борышкерге осы тармақта көзделген жағдайларда жіберетін хабарламада қосымша қамтамасыз етуді ұсыну туралы талап, Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкерді Қаржыландыру шарты бойынша оның міндеттемелерін тиісінше орындауы үшін қосымша қамтамасыз ету ретінде қабылдай алатын мүлікке қойылатын Банктің талаптары, қосымша қамтамасыз етуді ұсыну мерзімін көрсету, Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкерді қаржыландыру шарты бойынша оның міндеттемелерін қосымша қамтамасыз етуді беруден бас тартқан, қосымша қамтамасыз етуді уақтылы ұсынбаған жағдайда, Банк Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауын талап ететіндігі туралы нұсқау болуы тиіс.

9.9. Банк Салымшы-Кепілзат берушіден және/немесе Борышкерден Шарттың 9.1-9.3-тармақтарына сәйкес міндеттерді орындамаған жағдайда, оған жазбаша хабарлама жіберуге, Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге құқылы:

9.9.1. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Шарттың 4.4.2 - 4.4.4 және 4.4.6 тармақшаларында көзделген міндеттерді орындамаған (тиісінше орындамаған) кезде;

9.9.2. Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Шарттың 9.7-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған (тиісінше орындамаған) жағдайда;

9.9.3. Іс жүзінде Кепіл затының меншік иесі басқа тұлға (Салымшы-Кепілзат беруші емес) болып табылатындығына байланысты, Салымшы-Кепілзат берушіден Кепіл затын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен алып қойған кезде.

9.10. Шарттың 9.8-тармағына сәйкес, Банктің Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкерге жіберетін Салымшы/Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауы туралы хабарламада Банк Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауы тиіс мерзімді көрсетеді. Оған қоса, Шарттың 9.8-тармағына сәйкес Салымшы/Кепілзат беруші және/немесе Борышкерге жіберілетін Салымшы/Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауы туралы хабарламада Салымшы/Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қаржыландыру шарты бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған және/немесе уақтылы орындамаған жағдайда Банк Кепіл затынан өндіріп алатыны көрсетілуі тиіс.

10. Құпиялылық

10.1. Банк Салымшы-Кепілзат берушіден және/немесе Борышкерден алынған қаржылық, коммерциялық және басқа да ақпараттың қатаң құпиялылығын сақтауға кепілдік береді. Мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе жария ету Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің алдын-ала жазбаша келісімімен ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай ақпаратты алуға тікелей уәкілеттік берілген органдар мен лауазымды тұлғалардың талап етуі бойынша мүмкін болады.

10.2. Осы бапта көзделген құпиялылық (және банктік құпия) туралы ережелер келесі жағдайларға таралады:

10.2.1. Шарт және Қосылу туралы өтініш бойынша құқықтарды басқаға беру және міндеттерді ауыстыру (талап етуді басқаға беру және борышты аудару);

10.2.2. Банктің Салымшы/Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің барлық шоттарынан тікелей дебеттеу жолымен берешек сомасын алуы (және осыған байланысты өзге банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қажетті ақпаратты беру);

10.2.3. Өз мүдделерін қорғау мақсатында Банктің үшінші тұлғаларды (атап айтқанда, коллекторлық ұйымдарды, заңды компанияларды және т.б.) тартуы;

10.2.4. Банктің аудиторларға және рейтингтік ұйымдарға мәліметтер беруі;

10.2.5. Банк Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің Шарт және Қосылу туралы өтініш бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты мәліметтерді Салымшы-Кепілзат берушінің және/немесе Борышкердің жазбаша сұрауы бойынша ұсынған кезде.

Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер дефолт (кросс-дефолт) жарияланған кезде Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта және Қосылу туралы өтініште белгіленген тәртіппен өз мүдделерін қорғау мақсатында қаржылық, коммерциялық ақпаратты, банк құпиясын ашуға құқығы бар екендігіне Банкке келісім береді.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Шарт, Қосылу туралы өтініш, Қосылу туралы өтінішке барлық қосымша өтініштер және Шартқа ажырамас қосымша болып табылатын Қаржыландыру шарты бірыңғай құқықтық құрал болып табылады және өзара олардың әрқайсысы (әрқайсысы) бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады.

11.2. Егер Шарттың және/немесе Қосылу туралы өтініштің қандай да бір талаптары заңсыз немесе жарамсыз болса, бұл Шарттың және/немесе Қосылу туралы өтініштің басқа ережелерінің жарамдылығы мен заңдылығына ешқандай шамада әсер етпейді. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу нәтижесінде Шарттың ережелері Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайшы келетін болса, Банк, Салымшы-Кепілзат беруші және/немесе Борышкер Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормаларын басшылыққа алады.

11.3. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды, олардың әрқайсысының заңды күші бірдей. Шарттың мемлекеттік тілдегі мәтіні орыс тіліндегі мәтінге сәйкес келмеген жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі Шартты басшылыққа алады.

11.4. Шарттың талаптарына сәйкес жолдануға жататын барлық хабарламалар Банктің қалауы бойынша пошта/факс бойынша/электрондық мекенжайға/ «Интернет-Банкинг» жүйесі арқылы/Банктің Интернет-ресурсында орналастыру арқылы/қосылу туралы өтініште көрсетілген Кепіл беруші-Салымшының және Борышкердің телефон нөмірі бойынша SMS-хабарлама жіберу арқылы жіберіледі.

12. Банктің деректемелері

Jusan Bank АҚ, А26F8Т9, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242 үй

БСН 920140000084, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дегі ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, БЕК 14, КҰЖЖ КОДЫ 199247930000, ресми интернет-ресурс: www.jusan.kz, e-mail: info@jusan.kz

Банк филиалдарының мекенжайлары интернет-ресурста www.jusan.kz көрсетілген.

* «Депозит-Кепілдік» салымы бойынша жинақ ақша шотын ашу туралы және Салымшы-Кепілзат беруші құқықтары кепілі туралы шартын бекіткен:

- «Jusan Bank» АҚ Басқармасы (16.07.2020ж. № 96-20 хаттама)

- «Jusan Bank» АҚ Басқармасы (25.07.2023ж. № 80-23 хаттама) бекіткен өзгерістер мен толықтырулармен

- «Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесі (20.08.2020ж. № 20/08/20-01 хаттама)

- «Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесі (10.08.2023ж. № 10/08/23-01 хаттама) бекіткен өзгерістер мен толықтырулармен

«Депозит-Кепілдік» салымы кепілі бойынша жинақ шотын ашу және Кепіл беруші-Салымшының құқықтары туралы шартқа 1-қосымша

№ _____ «Депозит-Кепілдік» салымы кепілі бойынша жинақ шотын ашу және Кепіл беруші-Салымшының құқықтары туралы шартқа қосылу туралы өтініш
1-қосымша (екіжақты)

Г.

1. Кепіл беруші-Салымшының атауы	
2. БСН/ЖСН	
3. Резиденттік белгісі	
4. Резиденттік елі	

Қаржыландыру шартының мынадай талаптарын назарға ала отырып:

1.	Қамтамасыз етілетін міндеттемені қамтитын шарттың атауы	Қаржыландыру шарты № «Jusan Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) мен Кепіл беруші-Салымшы арасында жасалған шарттың нөмірі мен күнін (бұдан әрі – Қаржыландыру шарты) көрсету.
2.	Міндеттемелердің мөлшері (бұдан әрі-қарыз * / шартты міндеттемелер	<i>соманы сандармен және жазумен, Қаржыландыру шартында көрсетілген валютаны (бұдан әрі – қарыз/шартты міндеттемелер сомасы) көрсету</i>
3.	Қаржыландыру шартына сәйкес қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшері/шартты міндеттемелерді пайдаланғаны үшін комиссия мөлшері	> банктік қарызды / шартты міндеттемелерді пайдаланғаны үшін жылдық ___% (____) мөлшерінде, Кепіл беруші-Салымшы алған, бірақ қайтарылмаған қарыз/шартты міндеттемелер сомасына есептелетін, қарыз/шартты міндеттемелер берілген сол валютада
4.	Срок займа/условных обязательств	<i>қарыз/шартты міндеттемелер мерзімін көрсету</i>

* қарыз-Банктің банктік қарыз, лизингтік, факторингтік, форфейтингтік операцияларды жүзеге асыруы

Банкте № _____ жинақ шотын ашуды сұраймыз және Кепіл беруші-салымшы үшін Банк ашатын салым (бұдан әрі – салым) бойынша Кепіл беруші-Салымшының құқығын кепілге Қаржыландыру шарты бойынша Кепіл беруші-Салымшының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде мынадай шарттарда қабылдансын:

Жалпы шарттар:	
1. Салымның түрі мен атауы	«Депозит-кепілдік» шартты салымы <i>(Салымның түрі мен валютасына сәйкес қажетті көрсеткішті таңдау қажет)</i> <input type="checkbox"/> Ұлттық валютадағы салымдар бойынша 10 000 000,00 (он миллион) теңге; <input type="checkbox"/> Шетел валютасындағы салымдар бойынша 5 000 000,00 (бес миллион) теңге.
2. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына сәйкес салым бойынша кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы ¹	«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес банктік ағымдағы шоттардағы ақша жоғарыдағыдай талаптарға сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады (Заңға сәйкес жеке тұлғамен шарт жасасу кезінде қолданылады). Кепілдік өтем шоттағы қалдық сомасы негізге алына отырып төленеді, бірақ Банктен лицензиядан айырылған күні банкте орналастырылған Заңның 18-бабында белгіленген кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайды.
3. Салымды толық/ ішінара мерзімінен бұрын алу шарттары	<i>не позднее 7 (семи) календарных дней при условии:</i> - күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей, егер: - Салымды ішінара алып қою кезінде Банктің уәкілетті органының тиісті шешімі болған жағдайда; - Салымшы-Кепіл берушінің қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін толық (оның ішінде мерзімінен бұрын) орындауы (егер бұл Банктің уәкілетті органының шешімінде

¹ Аталған тармақтың талаптары «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғамен/жеке нотариуспен/жеке сот орындаушысымен/ шаруа (фермер) қожалығымен/ кәсіптік медиатормен/адвокатпен шарт жасасу кезінде қолданылады

	<i>көзделген болса, қайтару шарттары толықтырылуы мүмкін).</i>
4. Салым валютасы	_____ (өнім паспортының шарттарына және / немесе қаржыландыру валютасына сәйкес салым валютасын көрсету)
5. Салым сомасы (сандармен, жазбаша)	
6. Салым мерзімі	
7. Сыйақы мөлшерлемесі, жылдық % (бар болса)	
8. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, жылдық % (салым шартын/қосылу туралы өтінішті жасасу сәтінде), болған жағдайда	
9. Сыйақы төлеу тәртібі (қажетсізін белгілеу)	<input type="checkbox"/> ай сайын Банкте ашылған № _____ ағымдағы шотқа есепті айдан кейінгі айдың бірінші жұмыс күні (банктің уәкілетті органының шешімі болған кезде) <input type="checkbox"/> Банкте ашылған № _____ ағымдағы шотқа Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерді орындағаннан кейін, (егер бұл Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген болса, төлем көзінен табыс салығын ұстап қалумен).
10. Қосымша жарналар	қарастырылған: 1) салым сомасын бастапқы мөлшерге дейін толықтыру кезінде; 2) өзге жағдайларда Банктің УО шешімі бойынша.
11. Мерзімін ұзарту	қарастырылмаған
12. Салым жарнасы	<input type="checkbox"/> Салымшы-кепіл берушінің Банктегі № _____ ағымдағы шотына <input type="checkbox"/> Банктегі № _____ жинақ шотына
13. Ақша аудару шарты (қажетсізін белгілеу)	Салым сомасын алуға келісім беру: <input type="checkbox"/> Банктегі № _____ ағымдағы шотынан <input type="checkbox"/> Банктегі № _____ қолданыстағы мерзімді салымның жинақ шотынан
14. Шартты мерзімінен бұрын бұзу	қарастырылған: 1. Салым бойынша есептелген және төленген сыйақыны сақтай отырып, Кепіл беруші-Салымшы Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерді толық мерзімінен бұрын орындаған жағдайда; 2. салым бойынша есептелген және төленген сыйақыны сақтай отырып, Қаржыландыру шарты бойынша қамтамасыз етуді ауыстыру/шығару кезінде Банктің келісімімен
Комиссиялар, тұрақсыздық айыбы және қосымша шарттар (уәкілетті органның шешімінде болған кезде):	
1. Қаржыландыру шарттары бойынша кепіл нысанасының (заттарының) талаптарын өзгерту жөніндегі, сондай-ақ затты ауыстыру, Кепіл берушіні ауыстыру кезіндегі мәселелерді қарағаны үшін комиссия	_____ (комиссияның мөлшерін көрсету: банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес цифрлармен, жазумен, пайызбен/қатты сомамен) Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес көрсету
2. Депозит-кепілдік сомасын бастапқы мөлшеріне дейін уақтылы толтырмағаны үшін айыппұл санкциялары (тұрақсыздық айыбы, өсімпұл)	
3. Өзге комиссиялар, тұрақсыздық айыбы / қосымша шарттар	

Ұйымның қызметі лицензиялауға жатады не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асырылады:

- ИӘ
 ЖОҚ

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 – бабына, осы «Депозит-кепілдік» салымы бойынша жинақ шотын ашу туралы шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі – қосылу туралы өтініш) және Салымшы – Кепіл беруші құқығының кепіліне (мәтін бойынша – Шарт) сәйкес қол қойылған күнгі жағдай бойынша Салымшы-Кепіл беруші Шарттың талаптарын «Jusan Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) интернет-ресурсында www.jusan.kz орналастырылған редакцияда қабылдайды және оны растайды:

1) Шартты Кепіл беруші-Салымшы толық көлемде, қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз оқыған, қабылдаған, түсінген, Кепіл беруші-Салымшының ақылға қонымды түсіндіретін мүдделерін негізге ала отырып, қабылданбайтын Кепіл беруші-Салымшы үшін қандай да бір ауыр шарттарды қамтымайды;

- 2) Қосылу туралы өтініш пен Шарт бірыңғай құжат ретінде қаралады;
- 3) егер Банктің Қосылу туралы өтініші болса, Шарттың Кепіл беруші-Салымшы оқылмағанының/қабылданбағанының/түсінілмегенінің дәлелі ретінде [уәкілетті тұлғалардың]2 қолы мен шартта мөрдің жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес²;
- 4) Банк: Шарт бойынша банктік қызметтер көрсету талаптары, Шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі, Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы толық ақпарат берді;
- 5) Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысуы туралы хабардар етілсе, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңда көзделген кепілдік өтемін төлеу шарттары, мерзімдері мен тәртібі туралы хабардар етілсе. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» заңда көзделген кепілдік өтемі төлеу шарттары, мерзімдері мен тәртібі туралы хабарлама Банктің мына мекенжай бойынша www.jusan.kz интернет-ресурсында орналастырылған;
- 6) мынадай құжаттың талаптарымен танысты: Банктің Интернет – ресурсында орналастырылған Шартқа қосылу туралы осы өтініштің ажырамас бөлігі болып табылатын деректерді жинауға және өңдеуге келісім (бұдан әрі – Келісім), оны қабылдайды және жеке тұлғалардың (өз қызметкерлерінің/ өкілдерінің/ уәкілетті тұлғалардың/ құрылтайшылардың/ бенефициарлық меншік иелерінің) тиісті түрде ресімделген қажетті келісімдерінің бар екеніне кепілдік береді. Бұдан басқа, жеке тұлға болып табылатын Салымшы-Кепіл беруші, сондай-ақ Кепіл беруші-Салымшының өкілі болып табылатын жеке тұлға Банкке Келісімде көзделген шарттарда оны қоса алғанда, өзіне қатысты барлық ақпаратты жинауға, өңдеуге, оның ішінде трансшекаралық беруге және үшінші тұлғаларға беруге сөзсіз келісім береді (Салымшы-Кепіл беруші тарап болып табылатын шарттарды (мәмілелерді) жасасу және орындау мақсатында, сондай-ақ электрондық, қағаз және кез келген өзге де тасығышта тіркелген дербес, оның ішінде биометриялық деректер, келісімде көрсетілген өзге де мақсаттарда (жалпыға қолжетімді дереккөздерде таратусыз). Осы Келісім қолданылатын кезең: шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойылған сәттен бастап Дербес деректер субъектісі келісімді жазбаша нысанда кері қайтарып алған күнге дейін.

КЕПІЛ БЕРУШІ-САЛЫМШЫ

(атауы, пошталық индексі, орналасқан мекенжайы, телефон нөмірлері)

ЖСК _____, БСК _____, БСН/ЖСН _____, БЕК _____, e-mail: _____

Басшы/жинақ шотын ашу және Салымшы-Кепіл берушінің құқықтарын Банкке кепілге беру үшін сеніп тапсырылған тұлға _____

(лауазымы, Т. А. Ә. (әкесінің аты болған жағдайда))

_____ негізінде әрекет етуші

(құжаттың атауы-Жарғы, сенімхат, өзге де тиісті құжат)

_____ (қолы)

М.О.³

« _____ » _____ 20 ____ ж.

БАНКТИҢ БЕЛГІЛЕРІ

«Jusan Bank» АҚ, А26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242 үй

БСН 920140000084, ЖСК KZ48125KZT1001300336 «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ, БСК TSESKZKA

Интернет-ресурс: www.jusan.kz, E-mail: info@jusan.kz

«Jusan Bank» АҚ _____ филиалы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес, Салымшы-Кепіл беруші КТС төлеушілерге жатады:

ИӨ

ЖОҚ

Орындаушы: _____ (лауазымы)	_____ Т.А.Ә.	_____ қолы, (бар болса, мөртабан)	_____ күні
---------------------------------------	--------------	-----------------------------------	------------

² Заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін

³ жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалар үшін

Жинақ шотын ашу үшін құжаттар тексерілді, шот ашу туралы хабарламаны мемлекеттік кіріс органдарына жолдау қажет:

- ИӘ
- ЖОҚ

Уәкілетті тұлға: _____
(лауазымы)

Т.А.Ә.

КОЛЫ

КҮНІ

«Депозит-Кепілдік» салымы кепілі бойынша жинақ шотын ашу және
Кепіл беруші-Салымшының құқықтары туралы шартқа 2-қосымша

№ _____ «Депозит-Кепілдік» салымы бойынша Жинақ шотын ашу туралы шартқа және Салымшы-Кепіл беруші құқықтарының кепіліне қосылу туралы өтініш (үшжақты)

Г.

1.	Борышкердің (Қарыз алушының) атауы, БСН/ЖСН	
2.	Резиденттік белгісі, резиденттік елі	

Қосалқы қарыз алушы бар болса:

1.	Борышкердің (Қосалқы қарыз алушының) атауы, БСН/ЖСН	
2.	Резиденттік белгісі, резиденттік елі	

бұдан әрі Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы бірге «Борышкер» деп аталады, егер осы Өтініште Қарыз алушы не Қосалқы қарыз алушыа көрсетілсе, онда «Борышкер» термині бірге не әрқайсысы осы Өтініштің мәтініне қарай жеке-жеке алынғанда Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушыны білдіреді.

1.	Салымшы-Кепіл берушінің атауы, БСН/ЖСН	
2.	Резиденттік белгісі, резиденттік елі	

Қаржыландыру шартының мынадай талаптарын назарға ала отырып:

1.	Қамтамасыз етілетін міндеттемені қамтитын шарттың атауы:	№ Қаржыландыру шарты (бұдан әрі – Банк) « <i>Jusan Bank</i> » АҚ мен <i>Борышкер арасында жасалған шарттың нөмірі мен күнін (бұдан әрі – Қаржыландыру шарты) көрсету</i>
2.	Міндеттеме мөлшері (бұдан әрі – қарыз * / шартты міндеттемелер):	_____ <i>соманы сандармен және жазбаша, Қаржыландыру шартында көрсетілген валютаны (бұдан әрі – қарыз/шартты міндеттемелер сомасы) көрсету</i>
3.	Қаржыландыру шартына сәйкес қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшері/ шартты міндеттемелерді пайдаланғаны үшін комиссия мөлшері:	қарызды / шартты міндеттемелерді пайдаланғаны үшін - ____% мөлшерінде <i>борышкер алған, бірақ қайтарылмаған қарыз/шартты міндеттемелер сомасына есептелетін, қарыз/шартты міндеттемелер берілген валютадағы жылдық (пайыз);</i>
4.	Қарыз/шартты міндеттемелер мерзімі:	<i>қарыз/шартты міндеттемелер мерзімін көрсету</i>

* *қарыз-Банктің банктік қарыз, лизингтік, факторингтік, форфейтингтік операцияларды жүзеге асыруы*

Банкте № _____ жинақ шотын ашуды сұраймыз және келесі шарттарда Кепіл беруші-Салымшы үшін Банк ашатын салым (бұдан әрі – салым) бойынша Салымшы – Кепіл беруші құқығын Банкке кепілге Қаржыландыру шарты бойынша Борышкердің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде келесі шарттарда қабылдасын:

Жалпы шарттар:	
1. Салымның түрі мен атауы	«Депозит-Кепілдік» шартты салымы <i>(Салымның түрі мен валютасына сәйкес қажетті көрсеткішті таңдау қажет)</i> <input type="checkbox"/> Ұлттық валютадағы салымдар бойынша 10 000 000,00 (он миллион) теңге; <input type="checkbox"/> Шетел валютасындағы салымдар бойынша 5 000 000,00 (бес миллион) теңге.
2. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына сәйкес салым бойынша кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы ¹	«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес банктік ағымдағы шоттардағы ақша жоғарыдағыдай талаптарға сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады (Заңға сәйкес жеке тұлғамен шарт жасасу кезінде қолданылады). Кепілдік өтем шоттағы қалдық сомасы негізге алына отырып төленеді, бірақ Банктен лицензиядан айырылған күні банкте орналастырылған Заңның 18-бабында белгіленген кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайды.
3. Салымды толық / ішінара мерзімінен бұрын алу шарттары	<i>күнтізбелік 7 (жети) күннен кешіктірмей:</i> - <i>салымды ішінара алып қою кезінде Банктің уәкілетті органының тиісті шешімі болған жағдайда;</i> - <i>борышкердің қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы</i>

¹ Аталған тармақтың талаптары «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғамен/жеке нотариуспен/жеке сот орындаушысымен/ шаруа (фермер) қожалығымен/ кәсіптік медиатормен/адвокатпен шарт жасасу кезінде қолданылады

	<i>міндеттемелерін толық (оның ішінде мерзімінен бұрын) орындауы (егер бұл Банктің уәкілетті органының шешімінде көзделген болса, қайтару шарттары толықтырылуы мүмкін)</i>
4. Салым валютасы	<i>_____ (өнім паспортының шарттарына және / немесе қаржыландыру валютасына сәйкес салым валютасын көрсету)</i>
5. Салым сомасы (сандармен, жазбаша)	
6. Салым мерзімі	
7. Сыйақы мөлшерлемесі, жылдық %	
8. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, жылдық % (салым шартын/қосылу туралы өтінішті жасасу сәтінде), бар болған жағдайда	
9. Сыйақы төлеу тәртібі (қажеттісін белгілеу)	<input type="checkbox"/> ай сайын _____ ² Банктегі № _____ ағымдағы шотқа (Банктің уәкілетті органының шешімі болған кезде) <input type="checkbox"/> Банктегі № _____ ағымдағы шотқа қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерді орындағаннан кейін (егер бұл Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген болса, төлем көзінен табыс салығын ұстап қалумен).
10. Қосымша жарналар	қарастырылған: 1) салым сомасын бастапқы мөлшерге дейін толықтыру кезінде; 2) өзге жағдайларда Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша.
11. Мерзімін ұзарту	қарастырылмаған
12. Салымды қайтару	<input type="checkbox"/> Банктегі № _____ Салымшы-Кепіл берушінің ағымдағы шотына <input type="checkbox"/> Банктегі № _____ жинақ шотына
13. Ақша аудару шарты (қажеттісін белгілеу)	салым сомасын алуға келісім беру: <input type="checkbox"/> Банктегі № _____ ағымдағы шотынан <input type="checkbox"/> Банктегі № _____ қолданыстағы мерзімді салымның жинақ шотынан
14. Шартты мерзімінен бұрын бұзу	қарастырылған: 1. Салым бойынша есептелген және төленген сыйақыны сақтай отырып, Кепіл беруші-Салымшы Қаржыландыру шарты бойынша Банк алдындағы міндеттемелерді толық мерзімінен бұрын орындаған жағдайда; 2. салым бойынша есептелген және төленген сыйақыны сақтай отырып, Қаржыландыру шарты бойынша қамтамасыз етуді ауыстыру/шығару кезінде Банктің келісімімен
Комиссиялар, тұрақсыздық айыбы және қосымша шарттар (уәкілетті органның шешімінде болған кезде):	
1. Қаржыландыру шарттары бойынша кепіл нысанасының (заттарының) талаптарын өзгерту жөніндегі, сондай-ақ затты ауыстыру, Кепіл берушіні ауыстыру кезіндегі мәселелерді қарағаны үшін комиссия	<i>_____ (комиссияның мөлшерін көрсету: банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес цифрлармен, жазумен, пайызбен/қатты сомамен) Банктің уәкілетті органының шешіміне сәйкес көрсету</i>
2. Депозит-кепілдік сомасын бастапқы мөлшеріне дейін уақтылы толтырмағаны үшін айыппұл санкциялары (тұрақсыздық айыбы, өсімпұл)	
3. Өзге комиссиялар, тұрақсыздық айыбы / қосымша шарттар	

Ұйымның қызметі лицензиялауға жатады не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асырылады:

- ИӨ
 ЖОҚ

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 – бабына, осы «Депозит-кепілдік» салымы бойынша жинақ шотын ашу туралы шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі-қосылу туралы өтініш) және Салымшы – Кепіл беруші және Борышкер құқығының кепіліне (мәтін бойынша – Шарт) сәйкес қол қойылған күнгі жағдай бойынша Салымшы-Кепіл беруші және Борышкер Шарттың талаптарын «Jusan Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) интернет-ресурсында www.jusan.kz

² Тиісті төлем тәртібін көрсету:

- егер заңды тұлға: есепті айдан кейінгі айдың бірінші жұмыс күнінде;
- егер жеке тұлға: салым қабылданған күні.

орналастырылған редакцияда қабылдайды және оны растайды:

- 1) Шартты Кепіл беруші-Салымшы және Борышкер толық көлемде, қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз оқыған, қабылдаған, түсінген, Кепіл беруші-Салымшының және Борышкердің ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып, қабылданбайтын Кепіл беруші-Салымшы және Борышкер үшін қандай да бір ауыр шарттарды қамтымайды;
- 2) Қосылу туралы өтініш пен Шарт бірыңғай құжат ретінде қаралады;
- 3) егер Банктің Қосылу туралы өтініші болса, Шарттың Кепіл беруші-Салымшы және Борышкер оқылмағанының/қабылданбағанының/түсінілмегенінің дәлелі ретінде [уәкілетті тұлғалардың]³ қолы мен шартта мөрдің жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес ⁴;
- 4) Банк: Шарт бойынша банктік қызметтер көрсету талаптары, Шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі, Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы толық ақпарат берді;
- 5) Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысуы туралы хабардар етілсе, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Занда көзделген кепілдік өтемін төлеу шарттары, мерзімдері мен тәртібі туралы хабардар етілсе. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Занда көзделген кепілдік өтемі төлеу шарттары, мерзімдері мен тәртібі туралы хабарлама Банктің мына мекенжай бойынша www.jusan.kz интернет-ресурсында орналастырылған;
- 6) мынадай құжаттың талаптарымен танысты: Банктің Интернет – ресурсында орналастырылған Шартқа қосылу туралы осы өтініштің ажырамас бөлігі болып табылатын деректерді жинауға және өңдеуге келісім (бұдан әрі – Келісім), оны қабылдайды және жеке тұлғалардың (өз қызметкерлерінің/ өкілдерінің/ уәкілетті тұлғалардың/ құрылтайшылардың/ бенефициарлық меншік иелерінің) тиісті түрде ресімделген қажетті келісімдерінің бар екеніне кепілдік береді. Бұдан басқа, жеке тұлға болып табылатын Салымшы-Кепіл беруші және Борышкер, сондай-ақ Кепіл беруші-Салымшының және Борышкердің өкілі болып табылатын жеке тұлға Банкке Келісімде көзделген шарттарда оны қоса алғанда, өзіне қатысты барлық ақпаратты жинауға, өңдеуге, оның ішінде трансшекаралық беруге және үшінші тұлғаларға беруге сөзсіз келісім береді (Салымшы-Кепіл беруші және Борышкер тарап болып табылатын шарттарды (мәмілелерді) жасасу және орындау мақсатында, сондай-ақ электрондық, қағаз және кез келген өзге де тасығышта тіркелген дербес, оның ішінде биометриялық деректер, келісімде көрсетілген өзге де мақсаттарда (жалпыға қолжетімді дереккөздерде таратусыз). Осы Келісім қолданылатын кезең: шартқа қосылу туралы өтінішке қол қойылған сәттен бастап Дербес деректер субъектісі келісімді жазбаша нысанда кері қайтарып алған күнге дейін.

КЕПІЛ БЕРУШІ-САЛЫМШЫ

(атауы, пошталық индексі, орналасқан мекенжайы, телефон нөмірлері)

ЖСК _____, БСК _____, БСН/ЖСН _____, БЕК _____, e-mail: _____

Басшы/жинақ шотын ашу және Салымшы-Кепіл берушінің құқықтарын Банкке кепілге беру үшін сеніп тапсырылған тұлға _____

(лауазымы, Т. А. Ә. (әкесінің аты болған жағдайда))

_____ негізінде әрекет етуші
(құжаттың атауы-Жарғы, сенімхат, өзге де тиісті құжат)

(колы)

М.О.⁴

« ____ » _____ 20 ____ ж.

БОРЫШКЕР (ҚАРЫЗ АЛУШЫ):

(атауы, пошталық индексі, орналасқан мекенжайы, телефон нөмірлері)

ЖСК _____, БСК _____, БСН/ЖСН _____, БЕК _____, e-mail: _____

Басшы/шот ашуға сеніп тапсырылған тұлға _____

(лауазымы, Т. А. Ә. (әкесінің аты болған жағдайда))

_____ негізінде әрекет етуші
(құжаттың атауы-Жарғы, сенімхат, өзге де тиісті құжат)

(колы)

М.О.⁴

« ____ » _____ 20 ____ ж.

БОРЫШКЕР (ҚОСАЛҚЫ ҚАРЫЗ АЛУШЫ):

³ Заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін

⁴ жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалар үшін

(атауы, пошталық индексі, орналасқан мекенжайы, телефон нөмірлері)
ЖСК _____, БСК _____, БСН/ЖСН _____, БЕК _____, e-mail: _____

Басшы/шот ашуға сеніп тапсырылған тұлға

_____ (лауазымы, Т. А. Ә. (әкесінің аты болған жағдайда))

_____ негізінде әрекет етуші
(құжаттың атауы-Жарғы, сенімхат, өзге де тиісті құжат)

_____ (қолы)

М.О.⁴

« _____ » _____ 20__ ж.

БАНКТИҢ БЕЛГІЛЕРІ

«Jusan Bank» АҚ, А26f8t9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242 үй

БСН 920140000084, ЖСК KZ48125KZT1001300336 «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ, БСК TSESKZKA

Интернет-ресурс: www.jusan.kz, E-mail: info@jusan.kz

«Jusan Bank» АҚ _____ филиалы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі)» сәйкес, Салымшы-Кепіл беруші КТС/ЖТС төлеушілерге жатады:

- ИӘ
 ЖОҚ

Орындаушы: _____ (лауазымы)	_____ Т.А.Ә.	_____ қолы, (бар болса, мөртабан)	_____ күні
Жинақ шотын ашу үшін құжаттар тексерілді, шот ашу туралы хабарламаны мемлекеттік кіріс органдарына жолдау қажет: <input type="checkbox"/> ИӘ <input type="checkbox"/> ЖОҚ Уәкілетті тұлға: _____ (лауазымы)	_____ Т.А.Ә.	_____ қолы	_____ күні